

Жамбыл ауданы маслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 30/2 "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2019 жылғы 5 желтоқсандағы № 41/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 желтоқсанда № 5736 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына және 111-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл ауданы мәслихатының "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 30/2 шешіміне (2019 жылы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5163 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка ауылдық округінің бюджеті көрсетілген шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 34 901 мың теңге:

салықтық түсімдер – 8 539 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 26 362 мың теңге;

2) шығындар – 35 975,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 074,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 074,8 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 074,8 мың теңге.";

5-1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"5-1. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 1 610 мың теңге;

2) әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге – 1 424 мың теңге.";

5-3-тармағы мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"5-3. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) мемлекеттік органның күрделі шығыстары үшін – 108 мың теңге;

2) жол белгілерін жасау қызметтерін төлеу үшін – 909 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы

В.Волков

Жамбыл ауданы мәслихаты
хатшысының уақытша
міндеттерін атқарушы

Р.Садықов

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы
мәслихатының 2019 жылғы 5 желтоқсаны № 41/2
шешіміне қосымша
2018 жылғы 28 желтоқсандағы Жамбыл ауданы
мәслихатының № 30/2 шешіміне 1 қосымша

2019 жылға арналған Благовещенка ауылдық округінің бюджеті

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|--------|--------|-------------|-------------------|--------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | 1) Кірістер | 34 901 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 8 539 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|----|---|--|--------|
| | 01 | | Табыс салығы | 1 716 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 1 716 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 6 823 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 179 |
| | | 3 | Жер салығы | 302 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 6 342 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 26 362 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 26 362 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 26 362 |

Кестенің жалғасы

| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|-------------------|-------------------------------------|------------|--|--------------------|
| 1 | 2 | 3 | А | В |
| | | | 2) Шығындар | 3 5975,8 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 21 591 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 21 591 |
| | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 21 483 |
| | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі қаржы шығыны | 108 |
| 05 | | | Білім беру | 1 271 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1 271 |
| | | 005 | Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру | 1 271 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 8 762,8 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 8 762,8 |
| | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 2 638,8 |
| | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 253 |
| | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 5 871 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 909 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 909 |
| | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 909 |
| 13 | | | Басқалар | 3 442 |
| | | | | |

| | | | | |
|-------------------|-------------------------------------|-------------|---|--------------------|
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 3 442 |
| | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 3 442 |
| | | | 3) Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | Бюджеттік кредиттеу | 0 |
| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
| | | | 4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
| 6 | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | 01 | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | 1 | Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | | 5) Бюджет тапшылығы (профициті) | -1 074,8 |
| | | | 6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 1 074,8 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 0 |
| | 01 | | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 0 |
| | | 2 | Қарыз алу келісім-шарттары | |
| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 0 |
| | | 056 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|--------|--------|----------------|--|--------------------------|
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 1 074,8 |
| | 1 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 1 074,8 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 1 074,8 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК